

**Маңғыстау облысының Түпқараған, Бейнеу, Мұнайлы және Қарақия аудандарында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 19 сәуірдегі № 80 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 мамырда № 3356 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 96 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.04.2021 № 96 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясының 2016 жылғы 1 шілдедегі № 01-43/458 ұсынысының негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейнеу ауылы Тәжиев көшесінің аудан әкімдігі орналасқан аумағының оң жақ жиегімен және "Бейнеу лицейі" мемлекеттік мекемесінің ауласында – 0,001 га, Бейбарыс - 15 көшесіндегі "Жібек жолы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінің ауласында – 0,025 га, Бейнеу ауданы әкімдігінің "Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауласында – 0,002 га, Мұнайлы ауданының Баянды ауылдық округінде орналасқан Кішкенеқұм жайылымдық жерінде – 0,8 га, Түпқараған ауданының Қызылөзен ауылдық округінде орналасқан – 0,15 га арамшөп – у кекіремен залалдануына, сондай-ақ, Мұнайлы ауданында "Жаса" – 1,5 га, "Ай-Сәрсен" – 3 га, Түпқараған ауданында "Әулет" – 3 га, "Қуаныш" – 3 га, "Яссауи" – 7 га, "Сырлыбек" – 12,5 га, "Ғалым" – 5 га, "Таңғұлов" – 3,5 га, "Жарас" – 10 га және Қарақия ауданының "Талапкер" – 2 га, "Бейбіт" – 3 га өсімдіктердің қауын шыбыны карантинді объектісінің анықталуына байланысты, көрсетілген шаруа қожалықтарының аумақтарында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақ белгіленсін.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.04.2018 № 72 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қоса беріліп отырған карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б. Ерсайынұлы) осы қаулының Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Әміржановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Е. Тоғжанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Бейнеу ауданының әкімі

Б.А. Әзірханов

"19" 04 2017 ж.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Агроөнеркәсіптік кешендегі

мемлекеттік инспекция комитетінің

Маңғыстау облыстық аумақтық

инспекциясының басшысы

Р.Н. Түменов

"19" 04 2017 ж.

Қарақия ауданының әкімі

Ә.Қ. Дауылбаев

"19" 04 2017 ж.

"Маңғыстау облысының ауыл

шаруашылығы басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б. Ерсайынұлы

"19" 04 2017 ж.

Мұнайлы ауданының әкімі

Н.Т. Тәжібаев

"19" 04 2017 ж.

Түпқараған ауданының әкімі

Т.Т. Асауов

"19" 04 2017 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2017 жылғы "19" 04 № 80 қаулысымен  
бекітілген

### Карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 16.04.2018 № 72 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	2	3	4
1	Жер пайдаланушылар арасында карантинді объектілердің алдын алу, карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Қарақия ауданының әкімдігі, Мұнайлы ауданының әкімдігі, Түпқараған ауданының әкімдігі, Бейнеу ауданының әкімдігі, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша), "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі
2	Карантинді аймақ туралы материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар туралы тұрғындарға хабарлау	Үнемі	Қарақия ауданының әкімдігі, Мұнайлы ауданының әкімдігі, Түпқараған ауданының әкімдігі, Бейнеу ауданының әкімдігі, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша), "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі
3	Карантинді объектілердің таралу ошақтарын жою жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу ( карантинді объектілерге қарсы химиялық өңдеу, карантинді объектілерді қолмен және механикалық тәсілдермен жою)	Вегетация кезеңінде	Қарақия ауданының әкімдігі, Мұнайлы ауданының әкімдігі, Түпқараған ауданының әкімдігі, Бейнеу ауданының әкімдігі, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша), "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі

4	Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету	Карантинді объектілерді таралу ошақтарын жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)
5	Карантинге жатқызылған өнімді тиіп-жөнелту орындарында карантиндік тексеруді жүргізу	Үнемі	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК